

2017-2018 оқу жылына Қаратоғай жалпы білім беретін орта мектебі бойынша білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша анықтама

Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыадамзаттық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады. «Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керек. Осы мақсатта мектеп басшылары мен тәрбие жұмысын ұйымдастырушыларға көмек ретінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыруды әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қолдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат» әзірлеп, оған «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі» тарауын енгізді. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы» тарауы қосылған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері әзірленіп, бекітілді. «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі аясында 2016 жылғы 1 қыркүйек – Білім күні «Мен елімнің патриотымын» атты Бірыңғай сабақ өткізу бойынша барлық аумақтарға әдістемелік құрал жіберілді. 2017 жылғы 1 қыркүйекте өтетін Бірыңғай сабақ бойынша әдістемелік ұсынымдар осы Әдістемелік нұсқау хатта беріліп отыр. Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2017 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының, ҚР Білім және ғылым министрлігі, өңірлік білім басқармалары өкілдері, еліміздің барлық облыстарынан, Астана және Алматы қалаларынан педагогикалық жұртшылықтың қатысуымен білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының негізгі принциптерін іске асыру бойынша республикалық онлайн-конференция өткізді. «Мәңгілік Ел» идеясы мектеп мазмұнына академиялық пәндер, зерттеушілік және сабақтан тыс іс-әрекет, қосымша білім, элективті курстар арқылы енеді. Мектептердің 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының тағы бір ерекшелігі Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады. Елбасы: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті. 2017 жылы Қазақстан Республикасы ЭКСПО халықаралық көрмесін қабылдаған барлық кеңестен кейінгі елдер арасында бірінші мемлекет болып отыр. Адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері бар азамат пен патриотты қалыптастыру мақсатында білім беру ұйымдарында шын мәнінде ғаламшарлық ауқымдағы оқиғаға арналған іс-шараларды кеңінен өткізу керек. Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынды.

Мектеп директоры : М.А. Имашева

Орындаған: Майташева С.С



2018-2019 оқу жылына Қаратоғай жалпы білім беретін орта мектебі бойынша білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша анықтама

Тәрбие беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін республикада мынадай заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Балалар құқықтары туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Оқу жылында республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісіне сәйкес жүзеге асырылатындығымен ерекшеленеді. «Мәңгілік Ел» - еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама болып табылады. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын жүзеге асыру барысында мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтері жүргізген жұмыстар көшбасшылық қасиеттері дамыған, білімді, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, мәдениетаралық ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл жасауға қабілетті, өз халқының тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мектеп басшылары мен тәрбие жұмысын ұйымдастырушыларға Қазақстанның білім беру мазмұнына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын енгізуде әдістемелік қолдау жұмыстары жүргізілуде. Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әзірлеген әдістемелік-нұсқау хатына «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі» тарауын енгізді. Мектептердің 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының тағы бір ерекшелігі Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең меңгеру және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады. Елбасы: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық құжаттың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» I бөлімінде тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті.

1. Бәсекелік қабілет – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

2. Прагматизм – нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық мәдениетті сақтау және ұлттың дамуына кедергі болатын, өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.
4. Білімнің салтанат құруы. Әрбір қазақстандық табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы керек..
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Бүгінде революцияның болмысы өзгерді. Олар ұлттық, діни, мәдени

немесе сепаратистік сипатқа ие болды. Бірақ түптеп келгенде көптеген жағдайда бәрі де қантөгіс пен экономикалық құлдыраумен аяқталғанын білеміз. «Сондықтан, - деп жазады Н.А. Назарбаев - әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі».

6. Сананың ашықтығы – дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді, жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу, деген сөз.

Сананы жаңғыртудың жоғарыда аталған бағыттарын жүзеге асыруда Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының критерийлері негізінде тәрбиелік іс-шаралардың педагогикалық талдау жұмысын ұйымдастыру бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдамалары: «Тәрбиелік іс-шара»: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы») сондай-ақ «Оқушының оқырман қызметі» әдістемелік ұсынымдамалары мүмкіндік береді.

Ел Президентінің мақаласында айтылған білім сапасын жақсарту – орта жалпы білім беретін мектептерде гуманитарлық пәндердің оқу процесін жаңғырту мәселесі.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

Президент «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынады. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Білім, экология және абағандыру, өңір тарихын зерделеу, жергілікті деңгейдегі мәдени-тарихи ескерткіштер мен мәдениет объектілерді қалпына келтіру саласындағы маңызды өлкетанулық жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

Мектеп директоры: **М.А. Имашева**

Орындаған: Майташева С.С



2019-2020 оқу жылына Қаратоғай жалпы білім беретін орта мектебі бойынша білім алушылардың субъективті жаңа білімді таңуы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша анықтама

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады. Білім беру - бұл тәрбие мен оқытудың біртұтас жүйесі, бұл екі құрамдас білікті білуге болмайды. Құнды және жеке тұлғаға бағытталған тәсіл оқу-тәрбие процесінің негізіне жатады. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр. Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі 305 нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

- 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында әлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:
 1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
 2. Рухани-танымдық тәрбие.
 3. Ұлттық тәрбие.
 4. Отбасылық тәрбие.
 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
 6. Кәсіпмәдениетті және кәсіпкерлік-эстетикалық тәрбие.
 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.
 9. Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу.

Мектеп директоры :

М.А. Имашева

Орындаған: Майташева С.С



2020-2021 оқу жылына Қаратоғай жалпы білім беретін орта мектебі бойынша білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша анықтама

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. 37
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады. Аталған жобаның мақсаты: - білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту; - білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру; - экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу. Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Білім алушылардың дамуы үшін жобаны жүзеге асыруға барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Өзінің өнегелі үлгісі негізінде баланы тәрбиелеу – мақсатқа

жеткізетін бірден-бір дұрыс тәрбие кәзі болып табылады. Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады:

- 1) Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- 2) Рухани-танымдық тәрбие.
- 3) Ұлттық тәрбие.
- 4) Отбасылық тәрбие.
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- 8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

Мектеп директоры :

М.А. Имашева

Орындаған: Майташева С.С



2021-2022 оқу жылына Қаратоғай жалпы білім беретін орта мектебі бойынша білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша анықтама

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани- адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- «Дебат» қозғалысы;
- «Оқуға құштар мектеп»;
- «Отбасы – мектеп»;
- «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- «Дәстүр мен ғұрып»;
- «Еңбек – елдің мұраты»;
- «Үнем – қоғам қуаты»;
- «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- «Қоғамға қызмет»;
- «Музей сабақтары»;
- «Театр сабақтары» жобасы.

Жоба материалдары Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (<https://www.nao.kz>). Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2021-2022 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын, «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет.

Мектеп директоры:  М.А. Имашева

Орындаған: Майташева С.С.

